«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
КОМИТЕТІНІҢ АТЫРАУ ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА ПО АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

060011, Атырау қаласы, Б.Құлманов көшесі 148-а үй
тел.: 8 (7122) 31-90-44, 31-90-40

060011, город Атырау, улица Б.Кулманова, 148-а
тел.: 8 (7122) 31-90-44, 31-90-40

№08-Р-255/249
от 13.08.21

«Гранд Азия» ЖК-нің
директоры А.Ш.Рахметке
Мекен-жайы: Ақтау қ. 29-32-22

Қазақстан Республикасы қаржы министірлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Атырау облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті (*бұдан әрі –Департамент*) Сіздің 2021 жылғы 26 шілдедегі №115465 шағымыңыз бойынша *(26.07.2021 жылы №ЖТ-Р-255 санмен тіркелген)* «Атырау қалалық қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесімен *(бұдан әрі - Ұйымдастырушы)* конкурс тәсілімен жарияланған №5933128-1 «*Атырау қаласы, Қайыршақты ауылдық округіне қарасты Томарлы ауылы бойынан балалар ойын алаңын орнату (Жұлдыз шағын ауданы, №2 коше, Жұлдыз шағын ауданы, №47 коше, Көктем шағын ауданы №2 көше)*» мемлекеттік сатып алуының №40596862-ОК1, №40596894-ОК1, №40593405-ОК1 лоттары бойынша төмендегіні хабарлайды:

ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының *(бұдан әрі - Заң)* 9 бабының 1 тармағының 4 тармақшасында *«мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық, еңбек және қаржы ресурстарының болуы»* деп атап көрсетілген.

Осы ретте, Ұйымдастырушы мемлекеттік сатып алу веб порталына орналастырылған Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген "Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Ереженің *(әрі қарай - Қағида)* 4 қосымшасына сәйкес бекітілген конкурстық құжаттамаға 1-3 қосымшасының 4 тармағында әлеуетті өнім берушілерге *«самосвал – 1, сварочный аппарат – 2, рабочие - 6, водитель самосвала с водительским удостоверением с категорий В, С, Е - 1, сварщик - 2»* болуы туралы біліктілік талаптар қойылғандығы анықталды.

Камералдық бақылаумен, жоғарыда аталған конкурстың №40596862-ОК1, №40596894-ОК1, №40593405-ОК1 лоттары бойынша конкурстық құжаттамада көрсетілген, шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарына ие болуы бөлігінде әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарына сәйкес болмауы себебімен конкурсқа қатысуға бірде-бір әлеуетті қатысушы жіберілмеуіне байланысты өтпеген деп танылғандығы анықталды.

Осы ретте, конкурстық комиссия шешімінде мемлекеттік сатып алу заңнамасы нормаларының бұзушылықтары анықталған жоқ.

Камералдық бақылау жүргізу Қағидасының 21 тармағы негізінде, шағымыңызда мәлімделген дәлелдер шегінде қаралғанын хабарлаймыз.

Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91 бабының 1 тармағына сәйкес, Әкімшілік рәсімге қатысушы әкімшілік (сотқа дейінгі) тәртіппен әкімшілік актіні қабылдаумен байланысты емес әкімшілік актіге, әкімшілік әрекеттерге (әрекетсіздікке) шағым жасауға құқылы.

Осы Кодексте көзделген жағдайларда әкімшілік рәсімге қатысушы әкімшілік актіні қабылдаумен байланысты әкімшілік әрекеттерге (әрекетсіздік) шағым жасауға құқылы.

Департамент басшысының орынбасары **Ж.Букаев**

Орын:А.Садыкова
Тел:87122 31 90 38